- Бұл электр аспап тұрмыстық жағдайларда қолданарналған құрылғы болып табылады және пәтерлерде, қала сыртындағы үйлерде немесе өнеркәсіптік емес пайдаланудың басқа жағдайларында қолданыла алады. Құрылғыны өнеркәсіптік немесе кез келген басқа мақсатсыз пайдалану бұйымды дұрыс пайдалану шарттарын бұзу болып табылады. Бұл жағдайда өндіруші ықтимал салдарлар үшін жауап бермейді.

- Құрылғыны электр желісіне қосар алдында оның кернеуі аспаптың номиналды кернеуіне сәйкес келетінін тексеріңіз (бұйымның техникалық сипаттамалары немесе зауыттық кестесін қараңыз).
- Аспаптың тұтынатын қуатына есептелген ұзартқыш қолданыңыз: параметрлердің сәйкессіздігі қысқа тұйықталуға немесе кабельдің жануына әкеліп соқтыруы мүмкін.
- Аспапты тек жерлендірілетін розеткілерге ғана қосыңыз, – бұл электр қауіпсіздігінің міндетті талабы. Ұзартқышты қолдана отырып, оның жерлендірілетініне көз жеткізіңіз.
- Аспапты қолданған соң, сонымен қатар оны тазалаған немесе тасымалдаған кезде розеткіден өшіріңіз. Электр бауын сымынан емес, штепселінен ұстап тұрып, құрғақ қолмен шығарыңыз.

**STOP**

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Дайындау немесе тазалау бағдарламаларын орындаған кезде суға және сүтке арналған резервуарларды шешіп алмаңыздар.

- Электр қоректендіру бауын есік қуыстарында немесе жылу көздерінің жанында тартпаңыз. Электр бауының бұралмағанын және иілмегенін, үшкір заттарға, бұрыштар мен жиһазға тимегенін қадағалаңыз.

STOP

*Жадыңызда болсын: электр қоректендіру кабелі зақымдалуы кепілдік шарттарына сәйкес келмейтін ақауларға, сонымен қатар электр тоғына ұрынуға әкеліп соқтыруы мүмкін. Зақымдалған электр кабелі сервис-орталықта жедел ауыстыруды талап етеді.*

- Азық салынған табақты жұмсақ және ыстыққа төзбейтін бетке орнатпаңыз, оны жұмыс кезінде жаппаңыз, бұл құрылғының жұмысының бұзылуына және сынуына әкеліп соқтыруы мүмкін.
- Бұл құрылғы теңіз деңгейінен максималды 2000 метрге дейін болған биіктікте пайдалануға арналған.
- Аспапты ашық ауада пайдалануға тыйым салынады: құрылғы корпусының ішіне су немесе

бөгде заттардың түсуі оны қатты зақымдауы мүмкін.

- Аспапты тазалар алдында оның электр желісінен өшіріліп, толық суығанына көз жеткізіңіз. Аспапты тазалау бойынша нұсқауларды қатаң ұстаныңыз.

STOP

*Аспап корпусын суға батыруға немесе су ағынына түсіруге ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ!*

- Бұл аспап физикалық, жүйке немесе психикалық ауытқулары бар немесе тәжірибесі мен білімі жетіспейтін адамдардың (оның ішінде балалардың) қолдануына арналмаған, мұндай тұлғалар қадағаланып, олардың қауіпсіздігі үшін жауап беретін тұлға осы аспапты қолдануға қатысты нұсқау жасалған жағдайлардан басқа. Балалардың аспаппен, оның жинақтаушыларымен, сонымен қатар зауыттық орамымен ойнауына жол бермеу мақсатында қадағалап отыру қажет. Құрылғыны тазалау және қызмет көрсетуді балалар ересектердің қарауынсыз жасамауы тиіс.

- Аспапты өздігіңізбен жөндеуге немесе құрылымына өзгеріс енгізуге тыйым салынады. Қызмет көрсету және жөндеу бойынша барлық жұмыстарды авторландырылған сервис-орталық жасауы керек. Біліксіз жасалған жұмыс аспаптың бұзылуына, жарақат пен мүлік зақымдануына әкеліп соқтыруы мүмкін.

STOP

*НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Аспапты кез келген ақауларда пайдалануға тыйым салынады.*

**Техникалық сипаттамалар**

Үлгі .....	СМ714
Қуаты.....	1300 Вт
Кернеу.....	220–240 В, 50/60 Гц
Электр тоғына ұшыраудан қорғаныс.....	I дәреже
Суға арналған резервуар ыдысы.....	1,4 л
Сүтке арналған резервуар ыдысы.....	0,4 л
Қысымы .....	1,5 МПа (15 бар)
Тұрқының материалы .....	пластик
Басқару тақтасы .....	сенсорлық
Дисплей .....	жарықдиодты
Бөлік мөлшерін белгілеу.....	бар
Шыныаяқ жылуы.....	бар
Автоажырату .....	бар
Қызып кетуден сақтау .....	бар
Тамшыларды жинайтын астау.....	алмалы-салмалы
Тамшыларды жинайтын астаудың толу индикаторы .....	бар
Капучиноға арналған сүтті көпірту.....	бар
Кішкентай шыны-аяққа арналған шалқаймалы қойғыш...бар	
Габаритті өлшемдер (ені × биіктігі × ұзындығы).....	235 × 308 × 260 мм
Таза салмақ .....	4,2 кг
Электр сымның ұзындығы .....	1 м

**Жинақ**

Кофеқайнатқы .....	1 дана
Сүтке арналған резервуар.....	1 дана
Сүзгіш ұстағыш .....	1 дана
Сүзгіш ұстағыштың мөлшерлеуіші.....	2 дана

Үлкен сүт жеткізу түтігі.....	1 дана
Темпер бар өлшеуіш қасық.....	1 дана
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық.....	1 дана
Сервисті кітапша.....	1 дана

Өндіруші келесі өзгерістер туралы қосымша хабарландыру-сыз өз өнімдерін жетілдіру барысында дизайнға, жинақталуға, сонымен қатар бұйымның техникалық сипаттамаларына өзгерістер енгізуге құқылы. Техникалық сипаттамаларда  $\pm 10\%$  қателікке жол беріледі.

### Аспаптың құрылымы (A1 сурет, 3 бет)

- Суға арналған алмалы-салмалы контейнер
- Суға контейнер қақпағы
- Суға арналған контейнердің тұтқасы
- Шыны-аяқтарды ысытуға арналған үсті
- Бір шыны-аяққа арналған сүзгіш ұстағыштың мөлшерлеуіші (☞ белгісі сүзгіш түбінде таңбаланған)
- Екі шыны-аяқ үшін сүзгіш ұстағыштың мөлшерлеуіші (☞ белгісі сүзгіш түбінде таңбаланған)
- Сүзгіш ұстағыш
- Кішкентай шыны-аяққа арналған шалқаймалы қойғыш
- Сүтке арналған резервуар
- Сүтке арналған резервуардың қақпағы
- Сүтке арналған резервуардың қақпағын алу батырмасы
- Сүтке арналған резервуарды ажырату батырмасы
- Сүт беруді реттегіш
- Сүтке арналған резервуардың ұшы
- Ұшын реттегіш
- Кіші сүт жеткізу түтігі
- Үлкен сүт жеткізу түтігі
- Тамшыларды жинауға арналған астаудың торы
- Тамшыларды жинайтын астау
- Тамшыларды жинайтын астаудың толу индикаторы
- Темпер бар өлшеуіш қасық
- Электр сымы

### Дисплей және басқару тақтасы (A1 сурет, 3 бет)

- Дисплей
- ☰ батырмасы – құралды қосу/ажырату
- ☒ батырмасы – эспрессо дайындау
- ☑ батырмасы – эспрессо дайындау (2 шыны-аяқ)
- ☒ батырмасы – сүтті көбік дайындау
- ☑ батырмасы – өздігінен тазару
- ☒ батырмасы – капучино дайындау
- ☒ батырмасы – латте дайындау
- Кофеқайнатқыш жүйесінде судың жоқтығының индикаторы (қызыл)
- Накипиден тазарту қажеттілігі индикаторы (сары)

### I. ПАЙДАЛАНА БАСТАУ АЛДЫНДА

Бұйым мен оның құрамдастарын қорықтан абайлап шығарыңыз. Барлық орау материалдары мен жарнамалық жапсырмаларды алып тастаңыз.



*Корпусағы ескертетін жапсырма, жапсырма-көрсеткіш (бар болса) және бұйымның сериялық нөмірі бар кестешені орнында міндетті түрде сақтаңыз!*


*Тасымалдау немесе төмен температураларда сақтаған соң аспапты қосар алдында кем дегенде 2 сағатқа бөлме температурасында ұстау керек.*


Электр бауды толық жайыңыз. Алмалы-салмалы бөлшектерін жылы сумен жуып, электр желісіне қосар алдында құралдың барлық элементтерін мұқият кептіріңіз.

1. Аспапты қатты тегіс көлденең бетке орнатыңыз.
2. Суға арналған резервуарды (A2 сызбасын қараңыз, 4 бет) ішіндегі сұйықтық MIN белгісінен төмен және MAX белгісінен жоғары болмайтындай етіп толтырыңыз.




*Суға арналған резервуарды ыстық сумен толтыруға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ!*

3. Сүт ыдысын таза ағын сумен толтырыңыз.
4.  батырмасын басыңыз. Құрылғы қосылады, дыбыстық белгі беріліп, бүкіл дисплей көрсеткіші жанады. Қызыл индикаторы жыпылықтайды.
5. Суды ысыту басталады. Ысыту кезінде батырмалар жыпылықтап тұрады. Қажет температураға жеткен кезде екі қысқа дыбыс белгісі беріліп, батырмалар үнемі жанып тұратын болады.
6. Сүзгіш ұстағышты кофеқайнатқышқа бекітіңіз (A3 сызбасын қараңыз, 5 бет). Шыны-аяқты тамшыларды жинауға арналған астау торының үстіне астына орнатыңыз.

7. Реттегішті сағат тілімен бұрап, сүтке арналған резервуардың ұшын саптыаяққа бағытталып тұратындай етіп шығарыңыз.
8. Бірінші қолданар алдында құрылғының ішкі жүйелерін сумен толтыру процесін орындау қажет. Ол үшін  батырмасын басыңыз.
9. Процесс аяқталғаннан кейін, қызыл индикаторы сөнеді. Құрылғы пайдалануға дайын.

## II. ҚҰРАЛДЫ ПАЙДАЛАНУ

### Автоажырату

Кофеқайнатқыш 30 минут бойы жұмыс істеген жағдайда автоматты түрде өшіп қалады. Құрылғыны қайта қосу үшін  батырмасын басыңыз.

### Шыныаяқ жылуы

Кофеқайнатқыш құрал қосылған кезде автоматты түрде бірге қосылатын шыны-аяқ ысытатын үстімен жарақталған. Шыны-аяқтың түбін жоғары қаратып, ысытатынның үстіне 5–10 минутқа қойыңыз.

### Эспрессо дайындау

1. Суға арналған резервуарды (A2 сызбасын қараңыз, 4 бет) ішіндегі сұйықтық MIN белгісінен төмен және MAX белгісінен жоғары болмайтындай етіп толтырыңыз.



*Резервуарларды өздері арналған сұйықтықтармен ғана толтырыңыз. Сүтке арналған резервуарға өздігінен тазару қызметінің жұмысы үшін су құюға болады.*



Кофе дайындау үшін сүзгіленген жұмсақ немесе бөтелкеге құйылған суды пайдаланыңыз. Құбырдан алынған тазартылмаған суды пайдалануға болмайды!

**STOP** Суға арналған резервуарды ыстық сумен толтыруға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ!

2. Таңдап алынған сүзгішті сүзгіш ұстағышқа қойып, өлшегіш қасықтың көмегімен оған ұнтақталған кофе салыңыз (A3 сызбасын қараңыз, 5 бет). Сүзгіштердің әрқайсының төменгі жағында ұсынылатын ұнтақ қасығының саны белгіленген. Кофенің артығын сүзгіштің жиегінен міндетті түрде алып тастаңыз. Одан кейін сүзгіш ұстағышты кофеқайнатқышқа бекітіңіз (A3 сызбасын қараңыз, 5 бет).



**МАҢЫЗДЫ!** Кофені сүзгішке қатты нығыздау ұсынылмайды. Осындай типтегі кофеқайнатқыштарда қолдануға арналған орташа ұнтақталған кофені пайдаланыңыз. Кофені ұнтақталуы әртүрлі дәндерден дайындаған кезде шыны-аяқтың толтырылу деңгейінде жоғарыда көрсетілген шамадан біраз айырмашылық болуы мүмкін.

**STOP** Майда тартылған кофені пайдалануға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ – бұл сүзгінің бітелуіне және оны әрі қарай пайдалануға мүмкін болмайтынына әкелуі мүмкін. Мұндай ақаулық кепілді жағдай болып табылмайды.

3. батырмасын басыңыз. Құрылғы қосылады, дыбыстық белгі беріліп, бүкіл дисплей көрсеткіші жанады.
4. Суды ысыту басталады. Ысыту кезінде батырмалар жыпылықтап тұрады. Қажет температураға жеткен кезде екі қысқа дыбыс белгісі беріліп, батырмалар үнемі жанып тұратын болады.

5. Тамшыларды жинауға арналған астаудың торына немесе кішкентай шыны-аяқтарға арналған қойғышқа бір немесе екі шыны-аяқ орналастырыңыз.

6. немесе батырмасын басыңыз. Батырма жыпылықтап, дыбыс белгісі беріледі. Дайындау үрдісі басталады, қалған пісіру бағдарламаларының түймелері мен түймесі сөнеді.



Артық қысымды дәрілеу мақсатында аспап артық суды тамшыларды жинау үшін науаға құйып алады.

7. Дайындау үрдісі бағдарламаланған көлемге жеткен кезде автоматты түрде аяқталады, таңдалған бағдарламаның батырмасын жыпылықтауды тоқтатады. Дыбыстық белгі беріліп, басқару панеліндегі батырмалар индикаторы жанады.



Бағдарламаланған көлемді өзгерту үшін «Дайындаудың бағдарламалық баптауларын өзгерту» бөлімін қараңыз.

8. Абайлап сүзгіш ұстағышты алып, сүзгіште қалған ұнтақталған қалдықтарын алып тастап сүзгіш ұстағышты ағынды сумен жуыңыз.



Сүзгі ұстағышын дайындау кезінде немесе дайындағаннан кейін бірден шешпеңіз. Күтіңіз, сүзгі ұстағышы салқын.







Кофе дайындау үрдісін үзу үшін таңдалған бағдарламаның түймесін қайта басыңыз. Құрылғы күту режиміне өтеді.

### Капучино мен латте дайындау


1. Суға және сүтке арналған резервуарларды (A2, A4 сызбасын қараңыз, 4, 6 бет) ішіндегі сұйықтық MIN белгісінен төмен және MAX белгісінен жоғары болмайтындай етіп

толтырыңыз. Сіз сондай-ақ, үлкен сүт жеткізу түтігін пайдалана аласыз (A5 сызбасын қараңыз, 7 бет).

2. «Эспрессо дайындау» бөлімінің 1-4 бөлімдерінін орындаңыз.
3. Реттегішті сағат тілімен бұрап, сүтке арналған резервуардың ұшын саптыаяққа бағытталып тұратындай етіп шығарыңыз.
4. Сүт беру реттегішін бұрап, сүт пен көбіктің қатынасын баптаңыз:
  - a. сағат тілімен – көбігі көп;
  - b. сағат тіліне қарсы – сүті көп.
5. Капучино дайындау үшін  батырмасын басыңыз немесе латте дайындау үшін  батырмасын басыңыз. Батырма жыпылықтап, дыбыс белгісі беріледі. Дайындау үрдісі басталады, қалған пісіру бағдарламаларының түймелері мен  түймесі сөнеді.
6. Дайындау үрдісі бағдарламаланған көлемге жеткен кезде автоматты түрде аяқталады, таңдалған бағдарламаның батырмасын жыпылықтауды тоқтатады. Дыбыстық белгі беріліп, басқару панеліндегі батырмалар жанады.




 *Бағдарламаланған көлемді өзгерту үшін «Дайындаудың бағдарламалық баптауларын өзгерту» бөлімін қараңыз.*


7. Абайлап сүзгіш ұстағышты алып, сүзгіште қалған ұнтақталған қалдықтарын алып тастап сүзгіш ұстағышты ағынды сумен жуыңыз.

 *Кофе дайындау үрдісін үзу үшін таңдалған бағдарламаның түймесін қайта басыңыз. Құрылғы қуту режиміне өтеді.*

Есіңізде сақтаңыз, көбік көлемі бойынша сүттен үш есе артық, сондықтан, шыны-аяқ біршама үлкен болуы керек.

### Сүтті көбікті дайындау

1. Суға және сүтке арналған резервуарларды (A2, A4 сызбасын қараңыз, 4, 6 бет) ішіндегі сұйықтық MIN белгісінен төмен және MAX белгісінен жоғары болмайтындай етіп толтырыңыз. Сіз сондай-ақ, үлкен сүт жеткізу түтігін пайдалана аласыз (A5 сызбасын қараңыз, 7 бет).
2. Реттегішті сағат тілімен бұрап, сүтке арналған резервуардың ұшын саптыаяққа бағытталып тұратындай етіп шығарыңыз.
3. Сүт беру реттегішін бұрап, сүт пен көбіктің қатынасын баптаңыз:
  - a. сағат тілімен – көбігі көп;
  - b. сағат тіліне қарсы – сүті көп.
4.  батырмасын басыңыз. Батырма жыпылықтап, дыбыс белгісі беріледі. Дайындау үрдісі басталады, қалған пісіру бағдарламаларының түймелері мен  түймесі сөнеді
5. Дайындау үрдісі бағдарламаланған көлемге жеткен кезде автоматты түрде аяқталады,  батырмасын жыпылықтауды тоқтатады. Дыбыстық белгі беріліп, басқару панеліндегі батырмалар жанады.

 *Бағдарламаланған көлемді өзгерту үшін «Дайындаудың бағдарламалық баптауларын өзгерту» бөлімін қараңыз.*

*Пісіру процесін тоқтату үшін  түймесін қайта басыңыз. Құрылғы қуту режиміне өтеді.*

Есіңізде сақтаңыз, көбік көлемі бойынша сүттен үш есе артық, сондықтан, шыны-аяқ біршама үлкен болуы керек.

### Дайындаудың бағдарламалық баптауларын өзгерту







Сіз дайындайтын сусындарыңыздың көлемін өзгертіп, зауыттық баптауларының орнына өзіңіздің баптауларыңызды сақтай аласыз. Ол үшін:

1. Сусынды таңдаған кезде сәйкес батырманы таңдап, басып тұрыңыз. Батырманы басқан кезде бір дыбыстық белгі беріледі, ал ұстап тұрған жағдайда – екінші.
2. Кофенің немесе сүттің қажетті мөлшеріне қол жеткізген кезде батырманы жіберіңіз, екі дыбыстық сигнал шығады.

**i** *Зауыттық күйге келтіруден екі есе асатын көлемге жеткенде, дайындау процесі автоматты түрде аяқталады.*

Егер сіз капучино немесе латте дайындаған болсаңыз, онда берілген үрдісті кофе көлемін баптау үшін қайталаңыз.

Сіз сондай-ақ зауыттық баптауларды да қайтара аласыз.

1. Құрылғыны  батырмасын басу арқылы қосыңыз.
2.  және  батырмаларын бір мезгілде басыңыз 5 секунд ішінде.
3. Басқару тақтасында барлық түймелер 5 секунд жыпылықтайды, құрылғы 2 дыбыстық сигнал береді, содан кейін  және  басқа барлық түймелер сөнеді. Қызыл индикаторы жыпылықтайды.
4. Бірінші қолданар алдында құрылғының ішкі жүйелерін сумен толтыру процесін орындау қажет. Ол үшін  батырмасын басыңыз.

5. Процесс аяқталғаннан кейін, қызыл индикаторы сөнеді. Параметрлер қалпына келтірілді, құрылғы зауыттық параметрлерге сәйкес жұмыс істейді.

## III. АСПАП КҮТІМІ

Бұйымды тазалауға кіріспес бұрын оның электр қоректендіру желісінен ажыратылып, толық суығанына көз жеткізіңіз! Құралдың тұрқын ластануына қарай ылғалды шүберекпен сүртіп отырыңыз.

**STOP** *Аспап корпусын суға батыруға немесе су ағыны астына салуға немесе ыдыс жуғыш машинада тазалау ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ!*

*Аспапты тазалағанда қатты майлықты немесе губканы, абразивті пастаны пайдалануға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ. Сонымен қатар, кез келген химиялық агрессивті немесе асқа тиетін заттар үшін қолдануға кеңес берілмеген басқа заттарды пайдалануға болмайды.*

Сүзгі, сүзгі ұстағыш, үлкен сүт беруші түтігі мен сүт қоймасын әрбір қолданыстан кейін жуғыш зат қосылған жылы сумен жуып отырыңыз. Суға арналған сүзгішті қажетіне қарай тазалаңыз. Тамшыларды жинауға арналған астауды торының ластануына және контейнерге судың жиналуына қарай тазалаңыз.

**i** *Тамшы жиналатын лотоктарды әрбір 5-10 чашка кофе дайындалғаннан кейін тазалап отыру ұсынылады.*





*Сүтке арналған резервуар орнатылмаса, тамшыларды жинауға арналған астауды алмаңыз және орнатпаңыз.*

**!** *100 кесе кофе қайнатылғаннан кейін, кофеқайнатқышты тазалауды еске салу үшін дисплейде сары индикаторы әдеп-*

*кі бойынша жанады. Өзін-өзі тазарту функциясы аяқталғаннан кейін сары индикаторы сөнеді.*





### Сүт беру жүйесінің өздігінен тазаруы

Сүтке арналған резервуарды пайдаланған сайын сүтті беру жүйесінің өздігінен тазаруын жүргізіңіз.

1. Сүтке арналған резервуарды (A4 сызбасын қараңыз, 6 бет) ішіндегі сұйықтық MIN белгісінен төмен және MAX белгісінен жоғары болмайтындай етіп толтырыңыз.
2.  батырмасын басу арқылы құрылғыны қосыңыз. Батырмалар жыпылықтайтын болады.
3. Сүтке арналған резервуардың ұшын ұшын реттегішті сағат тілімен бұрау арқылы шығарыңыз.
4. Шыны-аяқты тамшыларды жинауға арналған астау торының үстіне сүтке арналған резервуар ұшының астына орнатыңыз.
5. Құрылғы жұмыс параметрлеріне шыққанда (батырмалар индикаторы жыпылықтауын қояды),  батырмасын басыңыз. Дыбыстық белгі беріледі,  батырмасының жыпылықтап, өздігінен тазару үрдісі басталады. Сіз оны кез келген уақытта  батырмасын басу арқылы тоқтата аласыз.
6. Бағдарлама жұмысы аяқталғаннан кейін шыны-аяқ ішіндегіні төгіп тастаңыз.
7. Қажет болған жағдайда шараны қайталаңыз.
8. Құрылғы толығымен салқындағанша күтіңіз, шүмекті алыңыз және оны шайыңыз.

### Кофе және сүт беру жүйелерінің интенсивті өздігінен тазаруы

Берілген қызмет сүт беру жүйесі мен кофе беру жүйесін ішкі ластанудан бір мезгілде тазалауға мүмкіндік береді.




1. Суға және сүтке арналған резервуарларды (A2, A4 сызбасын қараңыз, 4, 6 бет) сумен ішіндегі сұйықтық MIN белгісінен төмен және MAX белгісінен жоғары болмайтындай етіп толтырыңыз.
2.  батырмасын басу арқылы құрылғыны қосыңыз. Батырмалар жыпылықтайтын болады.
3. Сүтке арналған резервуардың ұшын ұшын реттегішті сағат тілімен бұрау арқылы шығарыңыз.
4. Шыны-аяқты тамшыларды жинауға арналған астау торының үстіне сүтке арналған резервуар ұшының астына орнатыңыз.
5. Құрылғы жұмыс параметрлеріне шыққанда (батырмалар индикаторы жыпылықтауын қояды),  батырмасын басып, оны 5 секунд шамасында ұстап тұрыңыз. Дыбыстық белгі беріледі,  батырмасының жыпылықтап, өздігінен тазару үрдісі басталады. Сіз оны кез келген уақытта  батырмасын басу арқылы тоқтата аласыз.
6. Бағдарлама жұмысы аяқталғаннан кейін шыны-аяқ ішіндегіні төгіп тастаңыз.
7. Қажет болған жағдайда шараны қайталаңыз.
8. Құрылғы толығымен салқындағанша күтіңіз, шүмекті алыңыз және оны шайыңыз.

### Самоочистка қақтан



Кофеварканы өз бетінше тазалау барысында су деңгейінің MIN белгісінен төмен төмендеуіне жол бермеңіз. Емес прерывайте тазарту процесі және ататын контейнер үшін су кофеварки толық аяқталғанға дейін барлық кезеңдерінің өзіндік тазарту.

Егер басқару панелінде сары индикатор жанса, аспапты қақтан өзін-өзі тазарту қажет. Бұл үшін:

1. Су резервуарларын MAX белгісіне дейін толтырыңыз. Ас үй техникасынан тазалайтын және тазалайтын құрал суға қосыңыз (бөлек сатып алынады).
2. Сүтке арналған резервуардың ұшын ұшын реттегішті сағат тілімен бұрау арқылы шығарыңыз.
3. Шыны-аяқты тамшыларды жинауға арналған астау торының үстіне сүтке арналған резервуар ұшының астына орнатыңыз.
4.  түймесін басыңыз, дыбыстық сигнал шығады.  түймесі жыпылықтайды.
5. Өзін-өзі тазарту процесінің бірінші кезеңі басталады: аспап кофе мен сүт беру жүйесін қысқа циклмен тазалайды. Бірінші кезең аяқталғаннан кейін аспап күту режиміне өтеді.
6.  түймесін қайта басыңыз, құрал қақтан тазартудың екінші кезеңіне өтеді. Құрылғы алдымен сүт беру жүйесін, содан кейін кофе беру жүйесін ұзақ циклмен тазалайды.
7. Тазалаудың барлық кезеңдері аяқталғаннан кейін дыбыстық сигнал шығады, сары индикатор сөнеді. Басқару тақтасында барлық түймелер жанады және жыпылықтайды.



Егер өздігінен тазалану процесі үзілген болса (сары индикатор жыпылықтауын жалғастырады), қақтан тазалаудың осы екі кезеңін үзілістерсіз қайталап жүргізіңіз.

8. Бағдарлама жұмысы аяқталғаннан кейін, құрылғы күту режиміне өтеді. Шыны-аяқ ішіндегіні төгіп тастаңыз.

### Сақтау және тасымалдау

Сақтау және қайта пайдаланудың алдында құралдың барлық бөліктерін тазалап, түгел құрғатыңыз. Құралды құрғақ желденетін жерде жылыту аспаптарынан алыс және тікелей күн сәулелерден алыс сақтаңыз.

Тасымалдау және сақтау кезінде құралдың зақымдануына және/немесе ораманың бүтіндігіне әкелуі мүмкін құралды механикалық әсерлерге ұшыратуға тыйым салынады.

Құралдың орамасын су мен басқа да сұйықтықтардан сақтау қажет.

## IV. СЕРВИС-ОРТАЛЫҚҚА ЖОЛЫҒАР АЛДЫНДА

Ақау	Ықтимал себеп	Жою тәсілі
Су өтпейді	Соңғы пайдаланғаннан кейін сүзгіш ұстағыш жуылған жоқ	Сүзгішті ағын сумен жуыңыз
	Сүзгідегі кофе тым қатты басқышталған	Сүзгіште кофе нығыздалып қалса, аса қатты күш жұмсамаңыз
	Сіз тім ұсақ дәндерді пайдаландыңыз	Осы түрдегі кофеайнатқыларында пайдалануға арналған ұсақталған кофені қолдануды ұсынамыз

Ақау	Ықтимал себеп	Жою тәсілі
Сары индикатор жыпылықтайды	Кофеқайнатқышта қақ пайда болды	Осы түрдегі кофеқайнатқыларында пайдалануға арналған ұсақталған кофені қолдануды ұсынамыз  «Құралдың күтімі» тарауының ұсыныстарына сәйкес құралды тазалауды жүргізіңіз
Қызыл индикатор жыпылықтайды	Бірінші қолданар алдында құрылғының ішкі жүйелерін сумен толтыру процесін орындау қажет	«Пайдалана бастау алдында» бөлімнің нұсқауларын орындаңыз
Қызыл индикатор жануды жалғастыруда		Аспапты электр желісінен ажыратып және бойы суытып. Егер қателікті дұрыстай алмасаңыз, авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініңіз
Дайындау үрдісін бастағанда сұйықтық төгілмейді	Суға арналған резервуар бос	1. Резервуардағы сұйықтық деңгейін тексеріңіз. 2. Арналған резервуарды (A2 сызбасын қараңыз, бет 4) ішіндегі сұйықтық MIN белгісінен төмен және MAX белгісінен жоғары болмайтындай етіп толтырыңыз. 3. Дайындау үрдісін тағы бір рет жүргізіңіз
Су тым тез ағады	Кофе тым ірі уатылған	Анағұрлым ұсақ уатылған кофені пайдаланып көріңіз
	Сүзгіде ұсақталған кофенің мөлшері жеткіліксіз	Келесі жолы сүзгіге көбірек ұсақталған кофені салыңыз
Бу сүтті ұрмайды	Сүт беру жүйесі ластанған	Сүтке арналған резервуарды пайдаланған сайын сүтті беру жүйесінің өздігінен тазаруын жүргізіңіз «Құрылғы күтімі» бөліміне сәйкес

Ақау	Ықтимал себеп	Жою тәсілі
Бу сүтті ұрмайды	Майлылығы төмен сүт қолданылады	Майлылығы 3,2% кем емес сүтті пайдаланыңыз
Құрал жұмыс істемейді	Электр қуат беру сымы электр желісіне қосылмаған	Құралды электр желісіне қосыңыз
	Электрлік розеткада кернеу жоқ	Дұрыс электр розеткасына құралды қосыңыз
Құрылғы дайындау үрдісі кезінде көп көлемде бу шығарады	Таңдалған сусынды дайындау үшін сүт керек, бірақ, сүтке арналған резервуар бос	Дайындау үрдісінің аяқталғанын күтіңіз, құрылғыны суытып, сүтке арналған резервуарды толтырып, үрдісті қайта бастаңыз
	Кофеқайнатқышта қақ пайда болды	Құрылғыны қақтан «Құрылғы күтімі» бөліміне сәйкес тазартыңыз
Құралдың жұмыс істеу барысында бөгде иіс пайда болды	Құрал жаңа, иісі қорғаныс жабынынан шығады	Иісі бірнеше рет қолданғаннан кейін кетеді

**i** Егер қателікті дұрыстай алмасаңыз, авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініңіз.

Кепілдіктен кейінгі жөндеуге арналған қосалқы бөлшектерді табуға болады сайтта қолжетімді <https://redmondsale.com>

## V. КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Осы бұйымға сатып алынған сәттен 12 ай мерзіміне кепілдік беріледі. Кепілдік кезеңі ішінде дайындаушы жөндеу, бөлшек-

терді ауыстыру немесе барлық бұйымды ауыстыру жолымен кез келген зауыттық ақауларды жоюға міндеттенеді. Кепілдік тек сатып алу күні түпнұсқалық кепілдік талонында дүкен мөрімен және сатушы қолымен расталған жағдайда ғана күшіне енеді. Осы кепілдік тек бұйым пайдалану бойынша нұсқаулыққа сәйкес қолданылған, жөнделмеген, бұзылмаған және онымен дұрыс жұмыс істемеу нәтижесінде зақымданбаған, сонымен қатар бұйымның толық жинағы сақталған жағдайда танылады. Осы кепілдік бұйымның табиғи тозуына және шығын материалдарына таралмайды (сүзгілер және т. б.).

Бұйымның қызмет мерзімі мен кепілдік міндеттемелердің жарамдылық мерзімі өндірілген кезден бастап немесе бұйым жасалған кезден бастап есептеледі (егер сатылған күнін анықтау мүмкін болмаса).

Аспап өндірілген күнді бұйым корпусының сәйкестендіру жапсырмасындағы сериялық нөмірден табуға болады.

Сериялық нөмір 13 белгіден тұрады. 4-ші және 5-ші белгілер айды, 6-шы және 7-ші – құрылғының шығарылған жылын білдіреді.

0	0	0	1	1	2	2	3	3	3	3	3	3
---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---

1 – өндірілген айы (01 – қаңтар, 02 – ақпан ... 12 – желтоқсан)

2 – өндірілген жылы (21 – 2021 ж., 22 – 2022 ж. ... 30 – 2030 ж.)

3 – үлгінің сериялық нөмірі

Өндіруші бекіткен аспаптың қызмет ету мерзімі бұйымның пайдаланылуы осы нұсқаулық пен қолданылатын техникалық стандарттарға сәйкес жүруі жағдайында сатып алынған күнінен 3 жылды құрайды.

*Орамды, пайдаланушы нұсқаулығын, сонымен қатар аспаптың өзін қалдықтарды қайта өңдеу бойынша жергілікті бағдарламаға сәйкес пайдаға асыру керек. Мұндай бұйымдарды әдеттегі тұрмыстық қоқыспен тастамаңыз.*

[www.redmond.company](http://www.redmond.company)  
[www.multivarka.pro](http://www.multivarka.pro)  
Made in China

CM714-CIS-UM-1